

"Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" Алтай ауданы әкімінің 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 2 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы әкімінің 2023 жылғы 9 наурыздағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 16 наурызда № 8822-16 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына сәйкес, Алтай ауданындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі аудандық комиссияның жоспардан тыс отырысының 2023 жылғы 3 ақпандағы № 3 хаттамасы негізінде ШЕШТІМ:

1. "Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" Алтай ауданы әкімінің 2022 жылғы 19 қыркүйектегі № 2 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 29682 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алтай ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алтай ауданының әкімі

Е. Мустафин